

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Халық Банк АІХ биржасында орналастырылған бірінші және екінші шығарылымын толық өтеді

17 мамыр 2023 жыл

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (LSE: HSBK; KASE: HSBK, HSBKd; AIX: HSBK, HSBK.Y) 500 000 000 АҚШ доллары сомасына АХҚО облигацияларын (Облигациялар) орналастыру бағдарламасы шеңберінде Астана халықаралық биржасында орналастырылған (AIX), 2025 жылы өтеу мерзімімен, купонды мөлшерлемесі 2,5% құрайтын 200 000 000 АҚШ доллары сомасына облигациялардың бірінші шығарылымын (ISIN: KZX000001045) және 100 000 000 АҚШ доллары сомасына облигациялардың екінші шығарылымын (ISIN: KZX000001060) толық өтеді.

Облигациялар «Облигацияларды ұстаушылардың таңдауы бойынша мерзімінен бұрын өтеу» («пут» опционы) тармағына Облигацияларды шығару шарттары мен ережелеріне сәйкес өтелді.

Қазақстан Халық Банкі туралы

Қазақстан Халық Банкі – бөлшек, ШОБ және корпоративтік банк қызметтерін, сақтандыруды, лизингі, брокерлік қызметтерді және активтерді басқаруды қоса алғанда, әртүрлі сегменттерде жұмыс істейтін Қазақстандағы жетекші қаржы тобы. Банктің Қазақстан Қор Биржасында 1998 жылдан бастап, Лондон Қор Биржасында 2006 жылдан бастап және Astana International Exchange-де 2019 жылғы қазаннан бастап листингі бар.

2023ж. 31 наурыз жағдайы бойынша 14,142.8 млрд теңге мөлшеріндегі активтерге ие бола отырып, Банк Қазақстандағы жетекші кредиттік ұйым болып табылады. Банк клиенттердің ең ірі дерекқорына және филиал желісіне ие, ел бойынша 572 филиалы мен бөлімшесі бар. Банк Грузияда, Қырғызстан мен Өзбекстанда қызмет етеді.

Банк туралы толығырақ ақпаратты: <https://www.halykbank.com> сайтынан табуға болады

- СОҢЫ-

Қосымша ақпарат алуға болатын тұлғалар:

Мира Қасенова	+7 727 259 04 30 MiraK@halykbank.kz
Кетебай Гүлнұр	+7 727 2590 788 GYLNYRK@halykbank.kz
Марғұлан Тәңіртаев	+7 727 259 04 53 Margulant@halykbank.kz
Нұргүл Мұхади	+7 (727) 3301677 NyrgylMy@halykbank.kz